

XV-XVII ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің үлгілері

XV-XVII ғ қазақ әдеби тілін танытатын үлгілерге ақын-жыраулардың өлеңдері, би мен шешендердің сөздері, батырлар жыры сияқты түрлерінен басқа үлкен екі топтағы дүниелер жатады. Оның бірі- Қазақ хандарының жарлықтары, өзге елмен қарым-қатынас қағаздары жатады.

Екіншісі-тарихи шежіре сипатындағы Қ.Жалаиридін “Жамиғат-тауарих”, Әбілғазының “Шежіре-и-түрк” туындылары.

Бұл кезеңдегі қазақ ақын-жыраулар шығармаларының тілі орта ғасырлық түркі әдеби тілі, соның орфограф-қ принциптері негізінде қазақ тілі топырағындағы өзгеше сөйлеу тілі арнасында қалыптасып дамыды. XV-XVII ғ қазақ поэзиясына тән үлкен бір ерекшелік-ондағы айтылған ой қазақтың мақал-мәтелдерімен астасып, ішкі мағына жағынан да, сыртқы айтылу түрі жағынан да үндеседі.

Қ.Өмірәлиев: “*Жыраулар поэзисында кездесетін қазақ тілі үшін бейтаныс сөздер, ноғай ордасынан қазақтарға келіп қосылған ру-тайпалар арқылы келген, оларды сол ру-тайпалардың ұрпақтары – Кіші жүз қазақтары көп өзгертпеген*”, - деп түйеді. Бейтаныс элементтер ретінде Доспамбеттің “Көмбідей ару аларға, Кірмембес ауыр қолға бас болып. Шобанның “Аббар көшіп шет қонған Балаңқылар батпаған” деген өлеңдерін көрсетеді.

Ы.Дүйсембаев: “*Кей кезде бір өлеңнің бірнеше варианты кездеседі. Әр заманда әр жырлаушы белгілі бір жырға өзіндік редакция жүргізіп алдыңғы вариантының өлең өлшеміне аздап өзгеріс енгізуі әбден мүмкін*”. Мысал ретінде “*Ызамен сарғайып толды*” және “*Санаменен сарғайып іші толды*” дегенді атап көрсетеді.

М.Мағауин: XV-XVII ғ. толғау-жырларында өлеңнің жол басындағы буындарының ұйқасуы басым деген пікір айтады. Ғалым бұл пікірді

Қазтуғанның: **Жа**бағылы жас тайлақ,

Жардай атан болған жер.

Жатып қалған бір тоқты,

Жайылып мың қойған болған жер..

Ауызша әдеби тілдің грамматикалық сипаты.

Тұйық етістік –у- тұлғасының орнына бірде –*ар,-ер* бірде *мақ,-мек* тұлғалары жұмсалған

Доспамбет: Жарақшылар жоқ па екен

Жарма білте саларға(салуға).

Жиёмбет: Қанын ішіп қанбаққа(қануға),

Жанын отқа салмаққа.

Сөз өзгерту саласында септеу тәртібі қазіргімен бірдей, тек есімдіктің септелуінде өзгешілік бар. Мен,біз есім-ге –*ің,-ім* жалғанады.

Шығыс септіктің екі-үш жерде –*дын,-дін* варианты кездеседі.

Шалкиіз:Ер өзін*дін* соңратын...Бұл кеткен*дін* қайтпасаң.

Дүр тұлғасы етістіктермен қатар,есімдіктермен де тіркескен.Мұнымен бірге –*ды,-ді* шылауы да жарыса қолданылған.

Жиёмбет:Басы судың түгел-*дүр*...Толған тоғай молы..*дүр*.

Ақтамберді: Киім кисең,қаттау қи...Суық келсе панаң-*ды*.

Бұйрық райдың ІІ жақта –**ҒЫЛ,-ГІЛ** жұрнағын жалғаған түрі. Асан:
Адам әзір айтар деп, көңіліңді салма~~ғыл~~...

Етістіктің өткен шақ **семантикасын-ғай,-гей** жұрнағымен беру бар.
Ауыспалы осы шақтың болымсыз түрінің І жақта ма-й-мын вариантының орнына –**ман** жұрнақты тұлғасы да кездеседі. Және бұл амал жиі жұмсалған.

Доспамбет: Қалаға қабылан жаулар тигей ме?...

Тоғай қондым-өкінбен

Ару сүйдім-өкінбен.

Жараға мамық *тосатып*, *Келе жата* дегейсің.

Етістіктің ашық рай тұлғасы *келе жата*, *не білейім* ..

Әдеби тіл лексикасындағы көне сөздер

Оларды шартты түрде үш топқа бөліп қарастырамыз.

1.Бұл күнде қолданылмайтын бейтаныс сөздер .Мысалы,Асан қайғының:**Ал** қолыңды маларсың, алтын менен күміске деген жолдардағы *ал* сөзі көне түркілік **қол** деген сөз.Сол сияқты **жазы** (дала), **салу**(қалдыру)**құрсау,толғау**(орау),**соңратын**(соң),**кежі**(күзет)сөздер.

Бұхар: Кіші қара қалмақ *бүлерде*,

Еңсесі биік кең сарай, мортық болар **бүлген** соң.

Осындағы бүлер,бүлген деген сөздер-*жеңілу* мағынасында.

Қазтуған: *Қылшанымды* сары жүн оққа толтырып. *Қылшан* сөзі оқ сауыты деген мағынада жұмсалғандығын аңғара аламыз.

Толғамалы деген сөздің **оралған** деген мағынасы көмескіленгеніне қарамастан “толғамалы ақ найза,ақ сүңгі ” тіркестері қалыптасты.

2.Қазір де түсінікті,бірақ жеке дара қолданылмайтын сөздер.

Ұшан-теңіз.телегей-теңіз тәрізді қос сөздердің құрамындағы *ұшан,телегей* деген сөздер “*көп,толып жатқан*” деген мағынада ұшырасады.Мысалы, Шалкиіз: *Телегедей* сайқалтып, Жарқыраған беренді,теңіз етсе,тәңірі етті.

Әуре-сарсаң дегеннің *сарсаң* бөлігі “*сергелдең*” мәнінде дербес қолданылған.

Р.Сыздықова *байтақ* сөзінің ел,жұрт деген сөздердің баламасы ретінде жұмсалу шеңберін көрсетеді.Шалкиіз:

Алаштан *байтақ* озбаса,сыпайшылық сүрмен-ді.

“Жағасына *қыршын* біткен тал еді” деген жолдардағы қыршын сөзі өсімдіктің аты ретінде қолданылған.

3. Қазір де қолданылатын жаңа мағынаға ие болған сөздер

Бұл топқа: *қарындас* (ағайындас), *жұрт* (ауыл орны), *ару* (жақсы, мінсіз), *ауыр* (мықты), *темір* (мылтық), *аға* (басшы), *тобыршық* (оқ тіреуіш) *жай* (садақ оғы), *ала* (қол), *қол* (әскер) сияқты т.б сөздер жатады. Мысалы

Асан қайғы: Ол күнде *қарындастан* қайырым кетер.

Шалкиіз: Ақтабан *ару* торы ат жайлаған.

Тебіренсе, *ауыр* жұртын тындырмас.

Қазтуған: Он екі тұтам *жай* тартқан,

Тобыршығы биік жай салып.

Жанкесі жырау: *Темір* жұмсап, оқ атқан...

Қорғасындай бұл батыр.

Бек, батыр, хан сөздері-бір-бірімен синонимдес мәнде де қолданылған

Мыс: Бұхар “Бек” сөзін –хан – сөзінің орнына қолданған.

Кейде тармақтың буын санының артықтығына қарамай бір,мынау, мына есімдіктері қыстырылып айтылады.Қазтуған:Менен қалған **мынау** Еділ жұрт...Соқса **бір** жілік сындырған.

Арнау -толғаулардың басында одағайлар мен қаратпалардың және солдар типтес қайталама сөздердің келуі XV-XVII ғ қазақ поэзиясы стиліне тән амал.Өлең тармақтарының біркелкі дыбыстардан басталатын сөздермен құрылуы –біздің күндерімізге дейін жеткен ұтымды тәсіл.Мысалы:Доспамбет “Қалаға қабылан жаулар тигей ме,
Қабырғадан дұспан жалдап жүргей ме?
Қайран ер қарт күреңге мінбей ме?

Асан қайғы:**Тақыр**лауға қонған қаз тырна

Таң маңында ұшар **ол**.

Тауық неше шақырса,

Таң болжалдап атар **ол**.

Қызыл изен,боз жусан

Сарыарқаға бітер **ол**.

Қадырғали Жалайырдың “Жами ат-Тауарих” атты шежіресінің тілі.

Шежіре тілінде кездесетін *қыз берді, ел болды, кіріфтарлық чекті, хуш келді* деген тіркестер беретін мағыналары қазіргі қазақ тілімен бірдей түседі.

Фонетикалық тұлғалануы бөлекше *йағмұр, тигәр, тағ, тугды, айу(айту), нуң(не), үкүш(көп), өнгін(өзге), қайу(қайсы), біту(жазу)* сияқты сөздер.

Шежіреде сөздердің жарыспалығы байқалады. Некелі жұбай мағынасындағы титулды білдіретін *хатун* сөзі осы мағынадағы қытайдың **Фужин**, моңғолдың **еке** сөздерімен қатарласа жүреді.

Ғануз(бұл күн), йағы(дұшпан), ұлық(бузург), мың(һазара), нафар(кіші) қисм(бөлік), оғул(перзент), фарман(жарлық), аксар(көп). Араб пен парсы сөздері. Күрделі етістік: ғарат қылу(талау), дафн қылу(жерлеу), жам қылу(жинау), ихтиат қылу(қорғау).

Моңғол-қытай сөздері де кездеседі: гүрген(күйеу бала), йусун(әдет), улағ(көлік), йаса(заң), отчигин(кенже), нойан, ноқай-ит, гөйәң-әмірші.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Р.Сыздықова *“Қазақ әдеби тілінің тарихы”* 1993 ж (88-95 б)
2. С.М.Исаев *“Қазақ әдеби тілі”* (111-117б)
3. М.Балақаев, Р.Сыздықова, Е.Жанпейісов
“Қазақ әдеби тілінің тарихы”(19-40 б)



**Назарларыңызға
рахмет!**

Орындаған: 4 курс студенті Каршибев И.Т.